

С.Қ. Мырзалы¹

¹М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
myrzaly44@gmail.com

БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ АХУАЛЫ АЯСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРУ ҮСТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЕЛІ ЖӨНІНДЕ

Түйінді сөздер: В статье подняты актуальные проблемы современного духовно-нравственного кризиса человечества и его истоки, а так же прослежено его влияние на духовно-нравственную ситуацию моденизирующегося Казахстана.

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі таңдағы адамзатты шарпып кеткен терең рухани дағдарыс және оның жаңару үстіндегі қазақстан қоғамына тигізген теріс әсерлері көрсетілген.

Abstract. The article highlights current problems of the contemporary spiritual and moral crisis of mankind and its origins, as well as its influence on the spiritual and moral situation of the modifying Kazakhstan.

Түйінді сөздер: рухани дағдарыс, жаһандану, өмір мәні, бақытқа жету, мен-мендік, жыныстық революция, өмірдің шынайы мәнін жоғалту

Ключевые слова: духовный кризис, глобализация, смысл жизни, достижение счастья, эгоизм, сексуальная революция

Keywords: spiritual crisis, globalization, the meaning of life, the achievement of happiness, selfishness, sexual revolution

XXI ғ. бірінші ширегінде өмір сүріп жатқан адамдар қоғамдағы көп нәрселерге көңілдері толмай жабырқайды. Тіпті ересектерді айтпағанның өзінде, бірінші сыныптың баласы ауа райының өзгеріп жатқанын сезінеді. Алайда трансұлттық корпорациялардың мүдделерін қорғайтын «ғалымдар», ол адамдардың шаруашылық әрекетінен емес, экологиялық мәселелер ғарыштағы жүріп жатқан табиғат циклдарымен байланысты, -деп адамдадың назарын басқа нәрселерге аударып жатады...

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында біз «глобализация» (жаһандану) деген сөзге таңғалып, сол дүниежүзілік үдеріске кіре бастағанымызды сезіндік. Расында да, бүгінгі таңда бір құрылықтан екіншіге миллиондаған тонна неше-түрлі тауарлар жеткізілуде. Әлемдегі елдер бір-біріне жақындай түсуде. Соған қарамастан дамыған елдер мен жаңа дамушылардың арасында үлкен қайшылықтар пайда болды – бай елдер одан әрі байып, кедей елдер әрі қарай кедейленуде. Ал мұның өзі үлкен қайшылықтарды тудырып, терроризм мен экстремизм сияқты құбылыстарды бүгінгі адамзаттың өріс алып кеткен ауруына алып келді. Американ философы С.Хантингтон оның себебін трансұлттық корпорациялардың іс-әрекетінен көреді, өйткені, олар жаңа өндіріс ошақтарымен қатар өздерінің «жалауларымен» келеді, яғни олар өз өмір құндылықтарын оларға таңуға тырысады [1, 149-б.].

Сондықтан олар жылдар өте азайып жатқан Жердің ресурстарын қайта бөлгілері келіп дамушы елдерде «басқарылатын хаос» жасап, қарсы тұру мүмкіндіктерін азайтады. Мысалы, бүгінгі Таяу Шығыс елдеріне қараңызшы – олар «күшпен мезгілсіз оятылған ара омартасына» ұқсап, миллиондаған адамдар жан сақтап қалу үшін мекендеген елдерінен безіп Еуропаға, басқа елдерге аттануда... Бүгінгі Алеппо, уақытында бабамыз Әл Фараби білім алған гүлденген қала – қазіргі таңда қираған үйіндіге айналды емес пе? Мұндай «өркениеттік тағылық» саналы адамзаттың жиіркеніш сезімін тудыруда.

Бүгінгі таңдағы байқалған нәрсе – жылдар өте адамзат мекендеген Әлем нәзік те сынғыш, жарылғыш болып бара жатыр, неше-түрлі қауіп-қатерлер адамды әр-бұрыштан күтіп тұрғандай.. Адамзат бір үлкен тұйықтыққа келіп, әрі қарай не істерін білмей жатқан

секілді. Адамдар әрі қарай қалайша өмір сүру керек?- деген сұраққа жаңа жауаптар ізделуде, өйткені, экзистенциалдық құндылықтар жүйесі дағдарысқа ұшырап, әр адамның қайталанбас жеке өмір мәні неде, ол өз қабілеттері мен дарындарын қалай іске асыруы керек,- деген сұрақ көп адамдарды мазалап, үлкен ойларға жетелеуде...

Әрине, аталған тағдырлық маңызы бар сұрақтар, мұқият қарасақ, адамзат тарихында оқтын-оқтын қайта қойылып отырады екен. Алғашқылардың бірі болып оны егжей-тегжей талдаған ұлы Аристотель болатын. Ол кісінің ойынша, өмірде ләззат қуған адамдардың ісі - ең мазмұнсыз. Шындап келгенде ол - құлдардың арманы. Екіншілер данқ, мансап іздейді. Оған жету үшін біреулердің көмегі керек. Бірақ та олар бүгін бар болса, ертең – жоқ. Үшіншілердің арманы – асқан байлыққа жету. Егер де ол адамның жан-жақты дамуының құралы ретінде жұмсалса, оған қарсылық жоқ, ал баю адамның жеке негізгі мақсат-мұратына айналса, ол бұл тұңғыықтан шыға алмай, өмір мәнінен толығынан айырылады. Сондықтан, Аристотель бізге мынандай кеңес береді: Дүниені ой-өрісіңмен шолып (theoria), мөлшерден шықпай, жанды қобалжытпайтын өмір салтын ұста деген болатын.

Екінші антик дәуірінің өкілі - Эпикур Адамның негізгі мақсаты - бақытты өмірге жету. Ал оған жету үшін адамдар Ғарыштың қандай екенін, Құдайлар бар ма, әлде жоқ па, өмір мен өлім, табиғаттағы адамның үрейін туғызатын құбылыстар жөнінде өздерінің түсініктерін қалыптастыруы керек. Сонда ғана адам бақытты өмірге жете алады, ал ол үшін философияны оқу керек. Ол ешқашанда ерте де емес, кеш те емес.

Эпикурдың ойынша, бақыт дегеніміз - еш нәрсеге кеселі тимеген ләззат. Ол адамның жаратылысы, табиғатынан шығады. Адам дүниеден ләззат алуға, зардаптан қашуға тырысады. “Сондықтан біз ләззатқа жетуді бақытты өмірдің басы мен аяғы деп есептейміз”- дейді Эпикур. Ойшылдың осы идеясына байланысты философия тарихында «эпикуреизм» деген бағыт пайда болды. Эпикуреист деп шаршамай-талмай күнбе-күн өмірден ләззат алуға асыққан адамдарды айтамыз. Алайда, Эпикурдың шын көзқарасы басқаша болғаны айдан-анық. Эпикур ләззат алу ұғымын тіпті басқаша түсінді. Егер адамның табиғи қажеттіліктері өтелсе - (ішетін тамағы, киетін жылы киімі, ауасы жететін жылы баспанасы болса),- онда адам өзінің табиғи дарындарын сыртқа шығарып, шығармашылық дәрежесіне көтеріліп, өзін нағыз бақытты адаммын деп сезінеді.

Эпикур ләззаттың өзін дұрыс түсінуге шақырады, өйткені адамның қажеттіктерін табиғи және жасандыға бөлуге болады. Ал соңғылардың біршамасы - тіпті, керек те емес. Олардың анықтаушысы - адамның ақыл-ойы, әділеттік және адамгершілік сезімдері.

Ләззат алудың соңғы мақсаты - ол дененің зардабы мен жан-дүниенің қобалжуынан аулақ болу. Оны ол кісі **атараксия** деген ұғыммен береді (ataraxia,-грек сөзі,-қобалжымау). Егер адам тыныш өмірге ұмтылса, жан-дүниесі тұрақты болса, дене ауруы болмаса, болашақ зардаптан, өлімнен қорықпаса, онда оның ішкі рухани өмірінің бақыты арта түседі. Қарапайым тынық жерде, жолдастарыңның арасында, мемлекеттің жұмысына араласпай өзің мен өзің болып өмір сүрсең - сен бақытқа жетесің. Эпикурдың жақсы көретін нақыл сөзі “*Lathe biosas*”- байқалмай өмір сүр.

Орта ғасырларда үлкен рухани төңкеріс болады, өйткені адамдар өз жан-дүниесінен рухты тапты, ал оның өзі бірқұдайлыққа көшуменен байланысты болғанды.

Егер христиан дініне тоқталсақ, оның негізгі себебі ретінде Батыс Рим империясының тоқырауы, нақтылай айтқанда, көпқұдайларға (пұтқа) табыну болатын-ды. Бүкіл Жер Орта теңізінің аймағын жаулап алып, римдіктер ондағы елдердегі ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын қиратып, оның орнына өз сотын, салық жүйесін, саяси құрылымдарын еңгізді. Тек римдіктер ғана Империяның азаматтары болды, қалған халықтардың бәрін құлдыққа айналдырды. Байлыққа киліккен ерікті рим азаматтары өмірден тек тәндік-сезімдік ләззат алуға тырысты. Қымбат заттарға ынтықтық, гладиаторлық ойындарды тамашалау, зорлық-зомбылық, ердің –ерге деген махаббаты, ересек жасқа келмеген бозбалаларды зорлау т.с.с. жоғарыдағылардың азғындануы

калыпты жағдайға айналды. Сонымен қатар, құлдардың қал-ахуалы әрі қарай төмендеп, олардың тоқталмайтын көтерілістеріне әкелді. Құлдық формацияның мүмкіндіктерінің сарқылғаны байқалды.

Қайсыбір құлдырау рухани дағдарыспен байланысты екені айдан анық :

бұрын-соңды болмаған алдау-арбау, көзбояушылық, ешнәрсеге сенбеу, ырымшылдық, өмірден түңілу, торығу т.с.с. қоғамда кеңінен тарады. Мұндай жағдайда төмендегілер түгіл жоғарыдағылардың өзі не істерін білмей, өз болашағына деген сенімінен айырылды. Олар бұл дағдарыстан тіпті Олимптің құдайларының өзі шығара алмайтын болар,- деген ойға келді.

Міне, осындай жағдайда Иудеяда Иса пайғамбар өз діни көзқарастарын тарата бастады. Әсіресе, оның адамдардың тең құқыққа ие екендігі, құлдар –зат емес, оларды да нәсілі, шыққан тегі, тілі, т.с.с. қасиеттеріне қарамастан Құдай тағала тұлға ретінде тең қылып жаратты деген ойы,- сол кездегі қоғамға зор әсерін тигізіп, оның ілімі бірте-бірте қуатты дінге айналды. Бірақ та бірнеше жүз жылдар бойы Рим императорлары бұл діннің өкілдерін қудалап жаншыса да, соңында оны мемлекеттік дін ретінде қабылдауға мәжбүр болды.

Екінші Дүниежүзілік дін - Исламға келер болсақ, - ол Аравиядағы көшпенділер қоғамында 7 ғ. Дүниеге келеді. Ол кездегі Араб тайпаларының әрбіреуінің табынатын өз құдайы болған, жер жайылымына байланысты бітпейтін жанжал-қақтығыстар олардың жүйкесін тоздырып, халықтың басы бірікпеген. Мұндай ахуалда тарихқа Мұхамед пайғамбар келіп, араб тайпаларын бір Құдайға – Аллаға табындырып, соның негізінде олардың басын біріктіріп, Исламның жасыл туы аясында күш-қуаты мол мемлекет құрады. Көп уақыт озбай, араб-мұсылман империясы пайда болып, оның алтын ғасырлары 8-13 ғасырларда болған-ды (Араб-мұсылман Ренессансы). Ислам діни негізінде пайда болған империяда тарихи белсенділік Таяу Шығысқа өтіп, ғылым, өнер, рухани құндылықтар гүлдеп адамзаттың әрі қарай дамуына зор әсерін тигізген болатын.

Алайда, адамзат тарихының күрт өзгерістері 14-16 ғ. Еуропа топырағында дүниеге келеді. Оны біз Ренессанс дәуірі дейміз. Оның негізгі себебі – капиталистік экономикалық қатынастардың Италияда пайда болып дамуы болатын-ды. Нәтижесінде өз бас бостандығын ақсүйектерден сатып алған үшінші әлеуметтік топ дүниеге келеді. Ал Қайта Өрлеу дәуіріне келер болсақ, ондағы негізгі жаңалық - ол – адамның рухы мен жандүниесін ғана емес, сонымен қатар оның **тәнін, денесін де ақтау**, оның **керемет әсемдігін** көрсету, адамның **дүние сезімінің** телегей-теңіз тереңдігін анықтау болды.

Бұл мәселеге өзінің өшпес ізін еңгізген **Джаноццо Манетти** (1396-1459) болды. Өзінің “Адамның абыройы мен артықтығы жөнінде” деген еңбегінде ол Құдайдың адамға арнап жасаған Дүниесінің сұлулығына тоқталып, сонымен қатар, сол жаратылған Дүниенің ең биік шыңы - ол адамның өзі дейді. Адам мәселесін қайта қарауға өзінің зор үлесін қосқан келесі ойшыл - ол **Лоренцо Валла** (1407-1457) болды. “Ләззәт алу жөнінде” деген еңбегінде ол адамның дүниетанымы оның ақыл-ойымен қатар сезімдік іс-әрекеті арқылы ғана болады,- деген пікірге келеді. **Пико делла Мирандолланың** (1463-1494 ж.) ойынша, адам бүкіл жаратылған Дүние мен Құдай арасындағы дәнекер. [2, 507-509 бб.] Адамның рухының ең ғажабы - оның еріктігінде, оның алдындағы әр-түрлі өмір жолдарын таңдап алу мүмкіндіктерінде. Сол мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, адам тіпті періштелерден де жоғары биіктікке көтерілуі мүмкін,- деген пікір айтады. Мұндай ойларды әрі қарай жалғастырып, Ренессанстың ең ұлы ойшылы Н.Кузанский адам ақыл-ой иесі болғаннан кейін өзінің санасында бүкіл болмыстағы шынайы және болуы мүмкін заттардың кейпін сақтайды. **Адам**, сондықтан, **шығармашылыққа жаратылған** пенде. Олай болса ол – **адамдық Құдай** (Humanus Deus) [3, 342-б.]. Біздің ойымызша, Н Кузанскийдің дәл осы идеясы адамның тәккапарлығын тудырып, оның христиан дінінің негізгі қағидаттарынан алшақтауға әкелгені сөзсіз. Ойшылдың жасаған осы бағытын әрі қарай дамытқан Н.Макиавелли христиан дінінің моральдық қағидалары өзінің қасиетті

киелі адамдары ретінде мүсәпірлерді, өмірдің қызығынан бас тартқандарды, жұмаққа өзінің батыл іс-әрекеті арқасында емес, өзінің көнбістігінің, зардап-азап шегуінің негізінде барғысы келгендерді есептейді. Соңынан ХIХ ғ. Ф. Ницше христиан дінінің моральдық қағидаларын сынағанда осы Н. Макиавеллидің идеяларына ұқсас пікірлер айтады [4, 592 б.].

Н. Макиавелли өткен Грек және Рим тарихында болған көпқұдайлыққа сүйсіне қарайды, өйткені, олар белсенді адамдарды, батырлықты паш еткен.

Адамзат тарихы сахнасына Жаңа Дәуір келген кезде ғылым мен техника тез қарқынмен дамып тарихи белсенділік Батыс Еуропа елдеріне көшті. Олар басқа өркениеттегі елдерді басып озды. Ғылымға еңгізген Декарттың рационализмі негізгі бағытқа айналып, олар рухты, негізінен алғанда, дүниетаным ретінде ғана қарай бастады. Міне, осы сәттен бастап христиан дінін ашықтан-ашық сынауға кеңінен жол ашылды. Әңгіменің тетігі мынада: қайсыбір діннің негізгі мақсаты - адамдарды рухани құндылықтарға тарту, оларды адамдардың бойына сіңіру, оның жануарлық инстинктерін ауыздықтау т.с.с. Ал олардың бәрін негіздеу адами тұрғыдан мүмкін емес – оны белгілі бір еш кіршіксіз, абсолютті жетілген, сұлулыққа толы идеалдан шығару керек. Ал ол болса – Құдай идеясы. Діндердегі неше-түрлі Ғажайыптар (Чудеса) қарапайым адамдарды өз аймағына тарту үшін ойлап шығарылған. «Христиан дінінің үштігі, қайта тірілу, о дүниедегі жұмақ пен тозақ, алғашқы күнә сияқты мәселелер бойынша осы уақытқа дейін дұрыс түсінік жоқ,»- деп қорытады А.Коллинз. Сондықтан, әр адам өзінше ерікті ойлау керек, сонда ғана діндегі неше-түрлі бұрмалаулардан құтылуға болады. Мәселенің бұл жағынан алып қарағанда 18 ғ. Ағарту философиясында (әсіресе, ағылшын және француз философиясында) дінді әшкерлеуге бағытталған біршама жұмыстар атқарылды. Әрине, ол кездегі ойшылдар ғылым мен техниканың дамуының шексіздігіне сенді, дүниені қайта өзгертіп жер бетінде бақытты қоғам орнатуға болатынына еш күмән келтірмеді. Яғни, олар дінді оның «ғажайыптарына» теңеп, оның негізгі қызметі – адамдар бұл дүниеде қалайша өмір сүру керегін естен шығарып алды. Ал ол болса олардың дінді жоғалтып алуына әкеліп соқты. Сонымен, бүгінгі таңда адамзат рухани-адамгершілік дағдарысқа келіп тірелді. Бір жағынан, терең рухани дағдарысқа түскен Батыс өркениеті, екінші жағынан, рухтарын сақтап қалғанмен, материалдық дағдарысқа түскен дамушы елдер.

Бүгінгі таңдағы қазақстан қоғамы осындай рухани дағдарыс ақуалында даму үрдісінде. Алғашқы тәуелсіздік жылдарында үлгі ретінде біз батыс идеяларының негізінде дамып, қоғамның экономикалық және саяси жақтарын соған сәйкес қылуға тырыстық, өзімізді ашық қоғам ретінде жарияладық. Соның нәтижесінде батыс елдерінде шығарылатын неше-түрлі тауарлармен қатар, солардың құндылықтары да лап беріп біздің санамызға, жүріс-тұрысымызға кіре бастады. Біршама адамдар оны «прогресс», яғни алға өрлеу ретінде қабылдап жатқаны тағы да бар. Дүниеден неше-түрлі тәндік-сезімдік ләззат алу, өз мүддесін зорлық-зомбылық арқылы көрсету, неше-түрлі апокалипсис заманын көзге елестететін фильмдер, сан-алуан поп-мәдениеттің басқа туындылары, өз тұлғалық ерекшеліктерін қымбат заттар арқылы көрсету, батыс модасына еліктеу т.с.с. нәрселер кеңінен тарады. Солардың ішіндегі ең сорақысы – ХХ ғ. 60-ж.ж. басталған «жыныстық революция» (sex revolution) туындылары біздің жастардың біршама бөлігін улап неше-түрлі келеңсіз жәйлерді тудырып отыр. Ғасырлар бойы «У ішсеңде румен бірге бол» деп тәрбиеленіп, қауымдасып өмір сүрген халқымызға бұл үлкен соққы болды ғой,- деген ойдамыз. «Мен-мендік», арсыздық, қыздардың жалаңаштануы, күнбе-күнгі интернет беттеріндегі «sex» мәселелерінің көтерілуі, поп- мәдениетіндегі «жұлдыздардың» орынсыз дандайсыуы, жағымсыз қылықтарын көрсетуі қоғамдық санаға теріс әсерін тигізіп, неше-түрлі қазақ халқының тарихында болмаған жан-түршігерлік оқиғаларға әкеліп жатқанын көріп отырмыз (туған баланы қоқыс арасына қалдырып тастау, балаларға туған әкешелерінің зәбір көрсетуі, жастар арасындағы еш уәжсіз бір-біріне зорлық көрсетуі т.с.с.).

Жоғарыда айтылғандардың бәрі де рухани қайта өрлеуді талап етеді. Әрине, біз адамзат көшінен қалып қоймас үшін халықтың әл-ауқатын көтеруіміз қажет. Бірақ та, сонымен қатар өз келбетімізді сақтап қалуымыз қажет. Алайда, бұл мәселелер келесі мақаланың өзегі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. М. АСТ, 2003, с.149
- [2] История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли., т.1.,М. 1962, с.507-509
- [3] Кузанский Н. Об ученом незнании.Соч. в 2 т.т., т.1, с.342
- [4] Ф.Ницше. Веселая наука. Сочинения в 2-х томах, т. 1, М. Мысль,1990, с.592